




Ералин Қ., Бейсенбеков Ж., Ералина Ғ.

МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ



0
9
09

Умь Верамь
китан хан арвекка
автордари
Кевч

-451251-

Ераам К.
Мамангунка
Кирине.

2009.

790
E-69
2009.

Ералин Қ., Бейсенбеков Ж., Ералина Ғ.

МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

Оқу құралы

-451251-

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-түрік университеті
КІТАПХАНА
Түркістан қаласы

2/2. (2009)

Түркістан 2009 ж

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті оқу әдістемелік кеңесінде бекітілген. (Хаттама № 8. 16 сәуір 2009 жыл)

УДК 73/76 (075)

ББК 85.1 я 7

М 18

Пікір жазғандар:

Сманов И.С. . –педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Кемешов Д.А. –педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ералин Қ., педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Бейсенбеков Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ералина Ғ., оқытушы.

Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. Түркістан. ХҚТУ., 2009.-178 бет

ISBN 978-601-243-112-4

Оқу құралында бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындаудың теориялық негіздері, ғылыми таным әдістері, негізгі дидактикалық принциптері, ғалым мамандар дайындауды ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранттарына арналған оқу құралында болашақ ғалым педагогтарға жоғары оқу орнында өнерді үйретудің педагогикалық проблемаларын шешу жолдары көрсетілген. Оқу құралы университеттердің бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранттары, студенттері мен бейнелеу өнері және сызу пәнінің оқытушылары мен мұғалімдеріне арналған.

УДК 73/76 (075)

ББК 85.1.я 7

М $\frac{4903010000}{00(05)09}$

©Ералин Қ., 2009 ж.

©Бейсенбеков Ж., 2009 ж.

©Ералина Ғ., 2009 ж.

©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009 ж.

Кіріспе

Мамандыққа кіріспе деп аталатын бұл еңбек бейнелеу өнері пәнін оқыту мәселелерін ғылыми зерттеудің және осы курсты жоғары оқу орнында магистранттарға оқытудың көп жылғы тәрбиесін қорытудың негізінде жинақталған.

Мұнда бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындаудың кейбір мәселелері, курстың білімдік және тәрбиелік маңызы мен міндеттері, мазмұны, болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметіне қажетті бейнелеудің білімдері мен бейнелеу дағдыларын қалыптастыру жолдары қарастылады.

Бейнелеу өнері пәнінің болашақ мұғалімдері көркемдік кәсіби педагогикалық білім алумен қатар бейнелеудің перспектива, жарық пен көлеңке, композиция, тұстану, симметрия сияқты бейнелеу өнерінің заңдылықтарын оқытып үйретуді мақсат етіп ғана қоймай, сонымен қатар ұлттық бейнелеу өнері шығармалары арқылы оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруге дайындық жасауы тиіс.

Оқу құралында болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық дайындықтарының мазмұны, құрылымы мен міндеттері баяндалады. Мұнда бейнелеу өнері сабақтарына қойылатын талаптар, оның түрлері, типтері және мұғалімнің бүкіл курсқа, жеке сабақтарға даярлану мәселелері сөз болады. Сонымен қатар аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың, аудиториядан тыс тыс тәрбиелік іс-шараларын өткізудің педагогикалық білімдері, педагогикалық дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру мәселесі ашып көрсетіледі. Оқу әдістемелік құралды жазуда педагогика ғылымының, әсіресе дидактиканың соңғы жетістіктері ескерілген, оқыту әдіс-тәсілдерінің ең тиімді түрлерін көрсетуге көңіл бөлінген.

Оқу әдістемелік құрал негізінен ертеңгі күні жоғары оқу орындарында бейнелеу өнерінің тарихы, графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер сияқты арнаулы пәндерінен сабақ беретін болашақ оқытушы магистрлерге арналған. Сонымен қатар ол жоғарғы оқу орындарының, бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі және көркемсурет факультеттерінің студенттеріне, жалпы бейнелеу өнерін оқыту мәселелерімен шұғылданатын оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, аспиранттарға және т.б. пайдалы болмақ.

Оқу әдістемелік құралды дайындау барысында жоғары оқу орнындағы оқытушы профессорлар құрамының ұзақ жылдар бойғы жинақталған бай тәжірибесіне сүйеніп, көркемдік білім мазмұнын игерудің дәстүрлі әдіс-тәсілдерімен қатар қазіргі заманғы оқыту технологиясы тұтас бірлікте қарастырылады. Көркемдік білім беру мазмұнының заман талабына сай күрделі өзгерістерге түсуі оны оқытудың әдіс-тәсілдерін де жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатқа сәйкес оқу құралының бөлімдерін, тақырыптарын жаңа мазмұнмен байытуда педагогика мен психология ғылымдарындағы концептуалдық жаңа бағыттар, идеялар басшылыққа алынды. Бұл жағдай оқу

құралына теориялық сипат береді.

Жоғары оқу орындары бейнелеу өнері мен сызу мамандағының магистранттарына арналған оқу әдістемелік құралдар осы кезге дейін жасала қойған жоқ. Оқу үдерісінде магистранттардың «Мамандыққа кіріспе» пәнін жетік игерту мақсатында дайындалған осы оқу әдістемелік құрал болашақ жоғары оқу орнының педагогінің кәсіби педагогикалық, өнертанымдық дайындығын қамтамасыз ететін оқу әдістемелік кешеннің алғашқы теориялық бір бөлігі ғана. Автор осы оқу әдістемелік құралы жоғарғы оқу орындарында білікті суретші педагогтарды дайындауға көмек көрсетеді деп үміт артады.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін педагогикалық қызметке дайындау бағыттары.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындау өнер негіздерін танып білуге, өнер тарихын менгеруге, бейнелеу дағдыларын игеруге, педагогикалық іс әрекеттің теориясы мен практикасын үйренуге бағытталған күрделі педагогикалық процесс.

Бейнелеу өнері болашақ мұғалімдерін дайындау мен бейнелеу өнерін оқыту мәселесімен айналысатын ғалымдардың теориялық еңбектері мен бейнелеу өнерін оқыту практикасын сараптау болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындау қызметін оқып үйренуді мынандай тақырыптарға бөлуге болатындығын көрсетті:

бірінші тақырып: өнер тарихының білімдері мен іскерліктері мен дағдылырын менгерту жолдары;

екінші тақырып: графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер саласындағы көркемдік білім мен көркем бейнелеу іскерліктері мен дағдыларын менгерудің формалары;

үшінші тақырып: бейнелеу өнерін оқыту әдістемесін оқыту барысында оларға педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасын менгерту;

төртінші тақырып: курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға көркемдік білім беру мазмұны;

бесінші тақырып: дипломдық жұмыстарын дайындау барысында оларды педагогикалық практика тәжірибесін менгеруге үйрету мазмұны;

алтыншы тақырып: арнаулы курс ұйымдастыру арқылы көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдерін менгерту бағдарламасы.

жетінші тақырып: топ тәлімгерінің тәрбие жұмысында тәрбие берудің білімдерін менгерту әдістері.

Бейнелеу өнері болашақ мұғалімдерін дайындау мен бейнелеу өнерін оқыту мәселесімен айналысатын ғалымдардың теориялық еңбектері мен бейнелеу өнерін оқыту практикасын сараптау болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындау қызмет жүйесін оқып үйрену мынандай бағыттарға бөлуге болатындығын көрсетті:

бірінші бағыт: болашақ мұғалімдерге өнер тарихын менгерту;

екінші бағыт: графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер саласындағы көркемдік білім мен көркем бейнелеу іскерліктері мен дағдыларын менгерумен сипатталады;

үшінші бағыт: болашақ мұғалімдерге бейнелеу өнерін оқыту әдістемесін оқыту барысында оларға педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасын менгерту;

төртінші бағыт: болашақ мұғалімдерді курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға көркемдік білім беру қызметін менгерту;

бесінші бағыт: болашақ мұғалімдерді дипломдық жұмыстарын дайындау

барысында оларды педагогикалық қызметке дайындау;

алтыншы бағыт: болашақ мұғалімдерді арнаулы курс ұйымдастыру арқылы көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдерін менгерту.

жетінші бағыт: болашақ мұғалімдерді топ тәлімгерінің тәрбие жұмысында тәрбие берудің білімдерін менгерту.

сегізінші бағыт: болашақ мұғалімдерді педагогикалық іс тәжірибе жұмысында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын менгерту.

Бейнелеу өнері болашақ мұғалімдерін дайындау мен бейнелеу өнерін оқыту мәселесімен айналысатын ғалымдардың теориялық еңбектері мен бейнелеу өнерін оқыту практикасын сараптау болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындауды үшке бөлуге болатындығын көрсетті:

Бірінші өнертанымдық дайындық: өнер тарихының білімдері мен іскерліктері мен дағдыларын менгерту жолдары; болашақ мұғалімдерді курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға көркемдік білім беру қызметін менгерту; педагогикалық іс тәжірибе жұмысында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын менгерту; болашақ мұғалімдерді дипломдық жұмыстарын дайындау барысында оларды педагогикалық қызметке дайындау;

Екінші көркем шығармашылық дайындық: графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер саласындағы көркемдік білім мен көркем бейнелеу іскерліктері мен дағдыларын менгерумен сипатталады; болашақ мұғалімдерді курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға көркемдік білім беру қызметін менгерту; педагогикалық іс тәжірибе жұмысында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын менгерту; болашақ мұғалімдерді дипломдық жұмыстарын дайындау барысында оларды педагогикалық қызметке дайындау;

Үшінші әдістемелік дайындық: болашақ мұғалімдерге бейнелеу өнерін оқыту әдістемесін оқыту барысында оларға педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасын менгерту; болашақ мұғалімдерді курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға көркемдік білім беру қызметін менгерту; педагогикалық іс тәжірибе жұмысында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын менгерту; болашақ мұғалімдерді дипломдық жұмыстарын дайындау барысында оларды педагогикалық қызметке дайындау;

Төртінші тәрбие жұмысына дайындық: болашақ мұғалімдерге бейнелеу өнерін оқыту әдістемесін оқыту барысында оларға тәрбие қызметтің теориясы мен практикасын менгерту; болашақ мұғалімдерді курстық, өзіндік, ғылыми зерттеу жұмыстырын дайындау барысында оқушыларға тәрбие беру қызметін менгерту; педагогикалық іс тәжірибе жұмысында эстетикалық тәрбие берудің

білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын меңгерту; болашақ мұғалімдерді дипломдық жұмыстарын дайындау барысында оларды тәрбие қызметіне дайындау;

Жүгізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесінде қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдердің дайындаудың жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды:

Жоғары деңгейдегі болашақ мұғалімдер қазақ бейнелеу өнеріне, педагогикалық қызметке қызығатын, ұлттық өнерге деген оң көзқарасты, өнер арқылы ұйымдастырылатын көркемдік білім беру жұмыстарына деген қызығушылығы бар, қазақ бейнелеу өнердің түрлері мен көркемдік ерекшеліктері туралы білімдері жеткілікті, алған педагогикалық білімдерін практикалық іс тәжірибеде қолдана алатын, оқушыларға көркемдік білім беруге қажетті жоғары іскерліктері мен дағдыларының деңгейінен көрінеді.

Қазақ бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім берудің мәні және оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы ролі туралы білімдері: перспектива, жарықтану, тұстану, композиция заңдылықтары және оны оқыту туралы білімдерінен; қазақ бейнелеу өнерінің мәні туралы білімдері және оның мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі ролі туралы білімдерінен; бейнелеу өнерін оқытудың теориясымен әдістемесінен білімінен; бейнелеу өнерінің балаларға көркемдік білім беру мүмкіндігі туралы білімінен; оқушыларға көркемдік білім беру үшін, бейнелеу өнері шығармашыларын тандап алу білімдерінен; қазақ бейнелеу өнері шығармаларын оқушыларға көркемдік білім беру мүмкіндігі ретінде қолдану іскерлігінен; қазақ бейнелеу өнері шығармаларын қолдану арқылы оқушылардың бейнелеу сауаттылығын қалыптастыру іскерлігінен; қазақ бейнелеу өнері арқылы мектеп оқушыларына көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруге бағытталған сабақтарды және сабақтан, мектептен тыс іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру іскерліктерінен көрінеді.

Орта деңгейдегі болашақ мұғалімдер дайындығы оқушыларға қазақ бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім беруге деген оң қатынасының болуынан; ұлттық бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім беруге оң көзқарасының болуынан; мұғалімнің кәсіби қызметіне деген қызығушылығының болуынан; мұғалімнің қызметінің әлеуметтік мәнін сезінуінен; қазақтың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы болуынан; перспектива, жарықтану, тұстану, композиция заңдылықтары және оны оқыту туралы білімдерінен; қазақ бейнелеу өнерінің мәні туралы білімдері және оның мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі ролі туралы білімдерінен; бейнелеу өнерін оқытудың теориясы мен әдістемесінен білімі; бейнелеу өнердің түрлері мен сәндік өнер бұйымдары, материалдары, шеберлері, көркемдік ерекшеліктері туралы білімдерін меңгергендігінен; бейнелеу өнерінің білімдік мүмкіндіктерін көрсете алатын, бірақ бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын талдауы мен бейнелеу өнерінен көркемдік білім беру жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруынан көрінеді.

Төменгі деңгейде қазақ халқының бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы бар, оның көркемдік білім берудегі мүмкүндігіне оң көзқарасты, оның оқушыларға көркемдік білім берудегі мәнін түсінетін, бірақ осы бейнелеу өнері шығармаларын перспектива, жарықтану, тұстану, композиция заңдылықтары және оны оқыту туралы білімдерінің аздығымен; қазақ бейнелеу өнерінің мәні туралы білімдері және оның мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі ролі туралы білімдерінің болуымен; бейнелеу өнерін оқытудың теориясымен әдістемесінен білімінің білім беру үрдісінде қолдану туралы педагогикалық білімдерінің кемдігімен, қазақ бейнелеу өнер шығармаларын сабақта қолдану арқылы оқушылармен жүргізілетін іс шараларды өткізуге деген қызығушылығының аздығымен, оған қажетті педагогикалық іскерліктері мен дағдылары жеткіліксіз болуымен сипатталады.

Бейнелеу өнері мұғалімінің педагогикалық қызметі

Бейнелеу өнері мұғалімінің педагогикалық қызметінің негізгі ұғымдары, педагог мамандығы, мұғалімнің кәсіптік қызметі, мұғалімнің жеке басы, мұғалім еңбегі, педагогикалық білім, іскерлік, дағды, шеберлік болып табылады.

Мұғалім — жас өспірімнің рухани дүниесінің мүсіншісі. Қоғам өзінің ең қымбаттысын, ең құндысын — балаларын, өзінің үмітін, өзінің болашағын — мұғалімге сеніп тапсырады. Мұғалім-адамды қалыптастыратын, адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі.

Мұғалім оқушының жеке басының дамуын, қалыптасуын, білім беру мен тәрбие және оқыту процесін басқарады. Сондықтан мұғалімге жан-жақты терең білім, педагогикалық шеберлік, идеялық шыныққандық, саяси моральдық қасиет, табанды ерік жігер, парасатты мінез-құлық қажет. Мұғалімдік қызмет — өзінің мақсаты мазмұны және қоғамдағы орны жағынан ең құрметті болып табылады. Педагогикалық қызмет қиындағы мол қызмет. Мұғалім қызметінің қиышдығы ол бір екі баланы тәрбиелеп қоймайды, ол ондағы әр түрлі қабілетті, бейімділігі әр түрлі, қызығушылығы, мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, түсінігі, көзқарасы әр түрлі деңгейдегі жасөспірімдерді тәрбиелейді. Олардың жеке қасиеттерін, жеке сапаларын дамытады, қалыптастырады. Әр балаға жеке адам деп қамқорлық жасайды.

Мұғалім мәдениеттің қайнар көзі. Мұғалім еңбегінің негізгі объектісі де субъектісі де бала. Мұғалім адам тану мамандығының иесі деуге де болады. Мұғалім еңбегі ептілікті, сезгінгікті, шыдамдылықты, сергектікті талап етеді. "Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті, оқушыға деген сүйіспеншілікті біріктіре алмаса, онда ол қазіргі заманның мұғалімі бола алмайды". (Л.Н.Толстой).

Мұғалім еңбегінің ерекшелігі оны баламен үнемі қарым қатынаста болуымен және рухани араласуымен сипатталады. Қазіргі заман мұғалімінен білім сапасын арттыруды талап етіп отыр. Мұғалімнің білімділігі,

интеллектуальдық мүмкіндігі жоғары болған сайын, оның шәкірттерінің білімге ғылымға деген қызығушылығы арта түседі. Мұғалім өз заманының ең білімді, мәдениетті адамы.

Мұғалім оқушыны білім алуға, оқи алуға үйретеді. Мұғалім деңгейін көрсететін — көрсеткіштері: кәсіби дайындығы, қоғамдық-саяси білімі, педагогикалық-психологиялық жан-жақты білімі: мұғалімнің ғылыми білім жүйесі, алған білімді практикада қолдану шеберлігі қажет. Мұғалім өз бетінше ойлай білуі, қиын динамикалық жағдайда жол таба білуі.

Мұғалім ойлау қабілеттері педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Мұғалім балаларға білім беруші ғана емес ол, балалардың жаңадан қалыптасып келе жатқан сана-сезімін дамытушы, еңбек етуге үйретуші, жаңалық ашуға, жаңалық жасауға тәрбиелеуші. Мұғалімнің білімі: белгілі мамандық саласынан білімі, іскерлік пен дағдыларынан білімі жүйесінен құралады: оқушының жан дүниесі туралы білімі; оқушының меңгеруіне тиісті білімдері; оқушының меңгеруге тиісті дағдылары, іскерліктері, білім жүйесі; оқу мазмұны, оқыту әдістері, оқуды жоспарлау мен ұйымдастыру туралы білімі, оқу процессін бақылау мен бағалау туралы білімі болу қажет; оқу ісін басқару, бақылау, бағалау туралы білімі болу қажет; оқу процесі мен оқушыны зерттеу туралы білімі; оқушыны тәрбиелеу туралы білімі; өз пәнін оқыту әдістерінен білімі; ғылыми шығармашылық еңбек ету туралы білімі; сабақтан тыс оқу жұмыстарын ұйымдастыру білімі.

Мұғалім өз қызметіне тән мынындай іскерлік пен дағдына меңгеруі тиіс:

1. Танымдық іскерлік. Танымдық іскерлікке қалыптастыру үшін адамның зейін, ойлау, қабылдау, елес, ес т.б. психикалық қасиеттерін бірлікте дамыту қажет. Ол үшін адамның байқағыштық, өзін-өзі бақылау, дұрыс жол таба білу, ойлау процесінің дамуы үшін талдау, салыстыру, сәйкестендіру, нақтылау, жинақтау, қорытынды, жасау дағдысының болуы қажет.

2. Қарым-қатынас іскерлігі. - педагогикалық процестің барысында адамдармен қарым-қатынас жасау іскерлігі. Қарым-қатынас тәсілдері: . Сөз сөйлеу техникасы; қимыл, бет-құбылысын игеру, басқа адамды түсіне білу, өзін таныта білу, түсіне білуге үйренуі. Өзінің ой пікірін, көңіл күйін, көзқарасын мақсатын, сөйлескен, пікірлескен адамға, коллективке түсіндіре білу, және оларды түсіне білу. Адамдармен қарым-қатынас жасау барысында жаңа бетбұрыс жасауды басқара білу, оң шешім қабылдай білу, қарым-қатынас жасауда ептілік, адамдармен оңай тіл табыса білу.

3. Хабарлау іскерлігі.- жеке педагогикалық іскерлік болып табылады. Себебі қарым-қатынас хабарлама материалынсыз болуы мүмкін емес. Бұл іскерлік-мынандай дағдаларды талап етеді: оқу материалдарын терең жан-жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану меңгеру, дауысты үйлестіре білу. Көңіл-күй сезімімен сөйлеу, сөздің құдыретті күшін меңгеру, дауыс үні мен бет қимылды меңгеру, сөйлесу және өңгімелесу, пікірлесу, көрсете отырып, түсіндіру, сұрақ-жауап тәсілдері.

4. Ұйымдастырушылық іскерлігі.- мұғалім еңбегінің бөлінбейтін үнемі жүріп отыратын маңызды , саласы. Бұл барлық педагогикалық іскерлікті

байланыстырып басқаратын іскерлік. Ұйымдастырушылық іскерліктер мыналар: жұмысты анықтау; мақсатын белгілеу; жоспар құру; тапсырма беру; орындалуын ұйымдастыру; орындалған жұмысты қорытындылау; бағалау, есеп беру; нақты нысанға зейін қою; кездескен кедергіге тез арада болдырмауға психологиялық ақуал туғызуа білу; іске қызығушылықпен кірісу; басқаларға жағымды ықпал жасау.

5. Зерттеушілік іскерлік. Бұл педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарау, ғылыми болжам жасау, жобалау мен эксперимент жүргізуді жоспарлау, өзат тәжірибені өз тәжірибесін жинақтау, оларға теориялық және практикалық негізде талдау жасау, оны мектеп өміріне енгізу.

Мұғалімнің қасиеттерін жеке басын сипаттайтын, педагогикалық-кәсіптік, танымдық қасиеттерге бөлуге болады. Мұғалімнің жеке басын сипаттайтын қасиеттер: кәсіби бағыттылығы; ғылыми көзқарасы; идеялық сенімі; саяси-қоғамдық азаматтық белсенділігі; педагогикалық -кәсіптік қасиеттері; балаға деген ынта ықылас махаббат, педагогикалық еңбекке қызығу, педагогикалық-психологиялық сезгіштік, байқағыштық, қайырымдылық, әділдік, талап қою білушілік, табандылық, ұстамдылық, өзін-өзі басқара білу, мамандыққа байланысты еңбекті сүйе білу, танымдық қасиеттері: ғылыми ой-өрісінің тереңдігі (білімдарлығы); рухани танымдық қызығушылығы және оны қажеттенуі; интеллектуалдық белсенділігі, жаңаны жақтаушылық, өздігінен педагогикалық білім алуға ынталылығы, шығармашылық пен педагогикалық ынтымақтастықты қолдану, жаңашыл педагогтар дұрыс түсінуі, қабылдауы.

Мұғалімнің адамды тәрбиелеуші, жетілдіруші, үнемі ықпал жасаушы, маман иесі болғандықтан, оның кәсібінің ерекше белгісінің бірі — педагогтік әдеп. Педагогтік әдеп- кәсіптік сапа. Әдеп жайғана сыпайылығы білдіру емес, шығармашылық ойдың әрекеті, мәдени мінез-құлықтық, саналы іс-әрекеттің, білімділік пен іскерліктің жиынтығы. Әдептілік белгілері; сезгіштік, байқампаздық, салмақтылық мен ұстамдылық, ілтипаттық, кешірімділік, адамға сенім арту, ынталы-ықыласты болу, талас-тартыс туған) жағдайда әділдік, адалдық көрсету, бала жүрегіне жол табу, оны тындай білу, түсіне білу болып табылады

Мұғалімге қойылатын талаптың бірі- оқушы мен оның ата-анасымен, әріптестерімен демократиялық, гуманитарлық жариялық принципі негізінде педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асыру. Шығармашылық дегеніміз адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекеттің ең жоғарғы формасы. Педагогикалық процесс өз табиғатынан шығармашылық сипатқа ие. Педагогикалық әрекеттің әрбір қадамы қайталанбас, әрдайым жаңа болуға тиіс деген қағиданы талап ете беруге болмайды. Сонымен қатар мұғалім еңбегі үнемі өзгеріп отыратын жылжымалы еңбек. Жаңашылдық пен шығармашылық мұғалім еңбегінің ерекшелігі. Сондықтан мұғалім үшін әрбір сабаққа шығармашылық дайындықпен баруы тиіс.

Көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың педагогикалық шарттары

Болашақ мұғалімдерді оқушыларға көркемдік білім беруге дайындау мәселелерін теориялық талдау нәтижелері мен тәжірибелік эксперимент қорытындыларын сараптау бізге «көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың педагогикалық шарттарын» анықтауға мүмкіндік туғызды. Оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың мынандай педагогикалық шарттары айқындалды: Бірінші шарты, қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді «Өнер тарихы» пәнін оқыту барысында дайындау; Екінші шарты, қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді арнаулы кәсіби пәндерді оқыту барысында дайындау; Үшінші шарты, қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді «Бейнелеу өнері пәнін оқыту» барысында дайындау; Төртінші шарты, қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді «Арнаулы курс» ұйымдастыру барысында дайындау болып табылады.

Оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың бірінші шарты, оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді «Өнер тарихы» пәнін оқыту барысында дайындау. «Өнер тарихы» пәнін оқыту саласындағы күрделі мәселелердің бірі—бейнелеу өнерінің негізін құрайтын заңдылықтарын оқыту және осы заңдылықтар негізінде болашақ мұғалімдердің бейнелеу өнері шығармаларын көркемдік талдау икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бұл бағатта бейнелеу өнерінің көркемдік білімін құрайтын бейнелеу өнері заңдылықтарын болашақ мұғалімдерге меңгертуде қазақ бейнелеу өнері шығармаларын өнер тарихы пәнінің лекциялық және практикалық сабақтарда талдау маңызды орын алады. Бейнелеу өнері заңдылықтарын оқыту көркемдік білім берудің мазмұнын құрайды. Бұл мазмұнға перспектива, жарық пен көлеңке, тұстану және композиция заңдылықтарын оқыту кіреді. Өнер тарихының лекциялық сабақтарында қазақ бейнелеу өнері шеберлерінің картиналарының иллюстрацияларын демонстрация жасау арқылы болашақ мұғалімдерге бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары, жарық пен көлеңке, перспектива, тұстану мен композиция ұғымдары беріледі. Картиналардың идеялық мазмұны, колориті, орындалу техникасына талдаулар жасалады. Бірақ осы заңдылықтардың мазмұны әлі күнге дейін анықталмай, олар белгілі бір жүйеге келтірілмей, әр қайсысының қысқаша мазмұндары әр түрлі әдебиеттердегі, әр түрлі мәселелерге қатысты жерлерінде ғана қолданылуымен шектелуде. Бейнелеу өнерінің заңдылықтары туралы білімі сурет салушы адамға бейнелеу іс-әрекетінің сапасын арттыруға жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері заңдылықтарын білген адам мен бейнелеу өнері заңдылықтарын білген адам бейнелеу өнері заңдылықтарын (перспектива, жарықтану, тұстану, композиция) білмейтін

адамның салған суреттерінің бірдей сапада болмайтындығын тәжірибе жұмыстары көрсетуде. Сонымен қазіргі кезде бейнелеу өнерінің заңдылықтарын «Өнер тарихы» пәнінің сабақтарында оқыту қажеттігі мен оны оқытудың мазмұнының формаларының әдістерінің болмауы арасында қарама-қайшылық орын алуда. Бұл мәселені шешу көркемдік білім беру саласында жаңа ізденістерді қажет етеді. Аталған мәселелерді шешу мынандай атқаруды талап етеді: өнер заңдылықтарының анықтамаларын айқындау; олардың терминдеріне түсініктер дайындау; қол өнер заңдылықтарының анықтамаларын айқындау; олардың терминдеріне түсініктер дайындау; өнер заңдылықтарын құрайтын оқу материалдарының мәнісін анықтау және оқу құралын дайындау, оқыту әдістемесін жасау және т.б. бағыттарды қамтиды.

Оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың екінші шарты, оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді арнаулы кәсіби пәндерді (Академиялық сурет, академиялық кескіндеме, мүсін, сәндік өнер т.б.) оқыту барысында дайындау болып табылады. Шығармашылық жұмыс, білім мен ой әрекетін қажет етеді. Өз заманында атақты суретші-педагог П.П.Чистяков: Сурет салу – ғылым талап еткендей ақыл-ой қызметін талап етеді» -деп айтқан. Жоғары мектептегі бейнелеу өнері пәндері де басқа пәндер сияқты теориялық білімдерді болашақ мұғалімдерге меңгерту мен бейнелеудің қарапайым икемділіктерін, дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Болашақ мұғалімді өнер негіздерімен таныстыруды көздейді. Бейнелеу өнерінің арнаулы мамандық пәндері болып табылатын «академиялық сурет», «академиялық кескіндеме», «мүсін», «композиция», «өнер тарихы» пәндері де басқа пәндер сияқты сол саланың теориялық негізін құрайтын заңдылықтары, бейнелеу ережелері, категориялары, ұғымдары мен түсініктері бар. Бейнелеу өнерінің теориялық негіздерін құрайтын заңдылықтарының бірі – композиция заңдылығы. Болашақ мұғалімдерге көркемдік білім берудің бір ұтымдылығы арнаулы кәсіби пәндерді оқыту барысында композиция заңдылықтарын оқыту. Композициялық сурет салу – шығармашылық іс-әрекетке жатады. Оқушыларға көркемдік білім беруге болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде композиция заңдылығы менгерту және оны мектеп оқушыларына оқытудың педагогикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру міндеттері қойылады. Композиция ұғымы өнердің барлық түрлеріне қатысты қолданылатын бейнелеу мүмкіндігі ретінде танылады. Бұл бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, дизайн түрлерінің барлығымен байланысы бар ұғым.

Композиция ұғымы бейнелеу өнерінің тарихы, сурет, кескіндеме, сәндік қолөнер, дизайн бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәндерімен тығыз байланысты. Сондықтан да композиция бейнелеу өнерін оқыту шеңберіндегі пәндер мен байланыста болғандықтан, бұл пәндерді оқыту барысында композиция оқу материалы ретінде қолданысқа түседі. Бірақ композиция ұғымын оқытуға қазірге дейін жеткілікті дәрежеде мән берілмей, ол оқу проблемасы ретінде қарастырылмай келеді. Композиция және жоғары оқу

орындарында арнаулы оқу пәні ретінде танылғанымен оны оқытудың жеке мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде зерттеліп болған жоқ. Композиция дегеніміз – латынның «Compositio», «ойлап табу», «құрастыру» деген сөзінен шыққан ұғым. Композицияны бейнелеу өнеріне, кескіндеме, графикаға қатысты айтатын болсақ картинадағы айтайын деген ойды жеткізу үшін, жаңа ойды білдіретін көріністі айшықтап алып көрсете білу, көріністегі айтатын ойды аша түсу үшін, қосымша бейнелер беріледі, уақыт пен кеңістік көріністері жарық пен көлеңке мүмкіндіктері арқылы беріледі. Осылардың барлығы тұтастай әсер еткенде барып суретші ойы жарыққа шығады. Егер шығармадағы көріністер мен осы аталған мүмкіндіктердің бірі кем болса картина ойы ашыла бермейді. Композицияны оқу материалдары ретінде қолдану үшін өнертанымдық әдібиеттерді талдау негізінде композицияны бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай мынандай топтарға жіктеуге болатындығы анықталды: кескіндеме композициясы, графика композициясы, мүсін композициясы, қолөнер бұйымдарының композициясы-деп қарастыруға болады. Композицияны жанрларға байланысты мынандай түрде жіктеуге бөлуге болады: олар, натюрморт композициясы, пейзаж композициясы, портрет композициясы, тұрмыстық жанр композициясы, батылдық жанр композициясы, тарихи жанр композициясы т.б. түрлеріне бөлініп қарастырылады.

Болашақ мұғалімдерге композиция ұғымын оқу материалы ретінде таныстыру үшін композиция заңдылықтарын мынандай төрт топқа бөлінеді: 1. Тұтастық заңы; 2. Үлгі (типизация) заңдылықтары; 3. Қарама-қарсылық (контраст) заңдылығы; 4. Композицияның барлық заңдылықтары мен мүмкіндіктерінің идеялық ойға бағыну заңдылығы.

Композицияның бүтіндік заңының сақталуының нәтижесінде өнер шығармаларындағы көріністер тұтастай қабылданады. Бүтіндік заңының мәні композицияның тұтастығын көрсетеді. Композициядағы идеялық ой бірнеше өмір көріністерінен құралады. Осы бірнеше көріністер бейнелік, логикалық байланыстар арқылы берілген жағдайда идеялық ой тұтастай қабылданады. Бұл көріністер бір-бірімен байланыспаса идеялық ой тұтастықпен көрушіге жете бермейді.

Үлгі заңдылығы бейнелеу өнері шығармаларындағы жағдай мен мінез үлгілерінің композициядағы іс-әрекет, қозғалыс көріністері, қозғалыссыз тұрақтылық көріністерінің көрсетілуін сипаттайды.

Қарама-қарсылық заңдылығы түс қарама-қайшылығын, объект пішінінің айырмашылын, бейнеленетін адамдардың психологиялық жағдайының бейнелеуін қарастырады.

Композицияның барлық заңдылықтары мен бейнелеу мүмкіндіктерінің негізгі идеялық түпкі ойға бағынуы – суретші туындысындағы ұғымның бүтіндігін, шығарманың айқындығын, идеялық мазмұндылығын, ондағы көркемдік шеберлікті байланыстырады.

Композицияның маңызын ашатын мүмкіндіктер төртке бөлінеді: олар, ырғақ, композицияның сюжетті ортасы, симметрия және ассиметрия, басты

тұлғаның екінші орынға орналасуы.

Ырғақ–композициядағы бейненің кезектесіп орналасуы, олардың белгілі ретпен қайталануы, сонымен қатар ондағы бейнеленген адамдар мен жануарлар көрінісіндегі қимыл қозғалысындағы қайталанулардың және олардың динамикалық ерекшеліктері.

Сюжеттік орталық заңдылығы – өзіне ерекше назар аударатын, композициялық идеялық мазмұнды ашатын картинаның басты бөлігі. Сюжеттік аралықта идеялық ойды білдіретін кейіпкер көрінісі немесе зат, табиғат көрінісі берілуі мүмкін. Композициялық ойды ашатын негізгі көріністермен қатар картинада қосалқы элементтер де болады. Олар идеялық ойды толықтыру қызметін атқарады. Симметрия заңдылығы. Симметрия атауы композицияның оң және сол жақ бөлігінің салмағының, пішінінің, түсі мен реңінің тепе-теңдігін, ондағы элементтердің өзара үйлесімділігін сұңғақтығын қамтамасыз етеді. Симметрия ою-өрнекті бейнелеуде жиі қолданылады. Картиналарда симметриялық бөліну айқын байқалмаса да көріністердің өлшемдері, саны, бояу түстерінің теңдей бөлінуіне жағдай жасайды. Өлшем үлкендігін түс өлшемдерінің қанықтығы т.б. мүмкіндіктері арқылы тепе-теңдікке жақындатылады. Композициядағы бейнелеудің ассиметриялық орналасуы кескіндемені салмағы, пішіні, өңі жағынан тең екі бөлікке бөліп қойғандай әсер қалдырмайды, ондағы бейнелер тынымсыз, бір-бірімен араласып, тепе-теңдік жағынан ауытқып жатады, бірақ шығармадағы жалпы тепе-теңдік композициялық ырғақтылықтың үйлесімді берілуі нәтижесінде сақталады. Басты тұлғаны екінші орынға орналастыру заңдылығы. Композицияны түйсінудегі психологиялық көңіл күйдің туындауына себеп болатын айқын орталық бола алғанда ғана ондағы басты тұлғаны екінші орынға ауыстыруға болады. Картинадағы бейнеленген кеңістік шартты түрде үш-төрт көріністерге бөлінеді. Алдыңғы көрініс – көрушіге жақын тұрған заттардың немесе адамдардың бейнелері. Ортаңғы көрініс – бұл жақын тұрған көріністерден әрі, картинаның негізгі ойын білдіретін көріністер. Бұл көріністерді кейде композициялық орталық деп те атайды. Бұл көріністің арғы жағындағы көріністер – ұзақтығы көріністерге жатады. Картинадағы басты тұлға ортаңғы көріністе орналасады. Картинадағы қосалқы ойды білдіретін композициялық элементтер көбінесе соңғы көріністерге беріледі.

Композицияны оқыту екі кезең бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде болашақ мұғалімдерге композицияның «Бүтіндік заңы», «Үлгі заңдылығы», «Қарама-қарсылық заңдылығы», «Композициялық идеясы», «Композиция мүмкіндіктері», «Ырғақ (ритм)», «Композициялық сюжет», «Симметрия және ассиметрия», «Басты тұлға», «Композициядағы алдыңғы көрініс», «Композициядағы ұзақтағы көріністер», «Композиция элементтері», «Композиция құрылымы», «Түстердің композициясы», т.б. түсініктер беріледі. Олар көрнекті түрде картиналарды талдау барысында түсіндіріледі.

Композиция туралы түсініктер беру арнаулы пәндердің ішінде тақырыптық сурет салу және өнер тарихы пәндерінің сабақтарында алдымен

жеке сабақ ретінде өткізіліп, соңынан бұл түсініктер беру, академиялық сурет салу, академиялық кескіндеме салу, бейнелеу өнері туралы әңгіме өткізілетін өнер тарихы пәнінің практикалық сабақтарында жалғастырылып, отырады. Себебі композиция заңдылықтарымен оны бейнелеу ережелері, олар туралы білімдер жүйесі болашақ мұғалімге болашақ педагогикалық қызметіне қажетті білім мен оқушының нұсқадан қарап сурет салу, сәндік сурет салу, өнер туындысы туралы талдау жасау үдерісінде қажет болып отыратын іс-әрекеттер болып тынылады.

Композицияны оқытудың екінші кезеңі – болашақ мұғалімдерді композиция құрастыруға үйрету. Композиция құрастыруға үйретудің басы студентке қарапайым геометриялық әр түрлі формаларды кеңістікте орналасу көріністерін шартты түрде бейнелеуден басталып, бағытталған жаттығулар жасаумен қарапайым тақырыпқа композиция жасау іс-әрекеттерін үйретумен аяқталады. Болашақ мұғалімдерді композиция құрастыруға үйрету жаттығулары мынандай бағдарламамен жүзеге асырылады:

1. Төрт бұрыштарды, үш бұрыштарды түзудің, шеңбердің бойына бірдей қашықтықта, бірдей өлшемдермен орналастыру жаттығулары;

2. Композициялық орталыққа үлкен шеңбер немесе төрт бұрыш бейнелеп, оның жиегіне, (айналасына) үш бұрыштар немесе төрт бұрыштарды бейнелеу жаттығуларын жасау;

3. Симметрия тақырыбына геометриялық денелерді картина жазықтығының бетіне (қағаз бетіне) оң жағы мен сол жағын тепе-тең етіп орналастыру жаттығуларын жасауға үйрету;

4. Геометриялық денелерді жазықтық бетіне қатал симметрия заңымен емес, ассиметрия заңдылығын сақтап орналастыру жаттығуларын жасау;

5. Геометриялық формаларды жазықтық бетіне кеңістіктегі көрушіге жақынын (көлемін үлкен етіп) көрушіден алысын (кіші етіп) бейнелеу жаттығуларын орындау;

6. Түстердің ырғағы (ритмі) бойынша алынған композициялар жасау, натюрморт, пейзаж тақырыптарына композиция жасау жаттығулары.

Ұсынылып отырған бағдарлама бойынша алғашқы кезде өмір шындығынан алынған көріністер бойынша бірден сапалы композиция жасау қиындық туғызады. Сондықтан композицияның заңдылықтарын үйретуге арналған жаттығулар геометриялық формаларды құрастыру арқылы жасалғандығының ұтымды болатындықтарын тәжірибелік эксперимент жұмыстары көрсетті.

Болашақ мұғалімдерді қазақ бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім беруге дайындау бірнеше жаттығулар жасау мен суретшілер шығармаларын таныстыру нәтижесінде игерілетін оқу үрдісі емес, ол жүйелі, кешенді, бірізділікпен, ғылыми тұрғыдан негізделген оқыту технологиясы нәтижесінде игерілетін бейнелеу заңдылықтарын оқушыларға оқыту туралы білімдер мен оқушыларға бейнелеу практикасын үйретуге бағытталған болашақ мұғалімнің педагогикалық икемділіктерінен дағдыларынан құралатын мұғалімнің

дайындығын қажет ететін іс-әрекеттер жүйесі ретінде танылуы қажет.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы барысында оқушылардың кеңістік туралы ойлау қабілетін дамыту педагогика саласындағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі кезде көптеген мамандық иелерінің техникамен жұмыс атқаратындығы баршаға мәлім. Осыған байланысты баланың жас кезінен кеңістік туралы ойлау негіздерін үйрету ғылым мен техниканың тілін ерте үйренуге жол ашады.

Болашақ мұғалімдердің кеңістік туралы ойын дамыту перспектива заңдылықтарын оқытумен өте тығыз байланысты шешілетіндігі айқындалып келеді. Арнаулы мамандық пәндерінің лекциялық, практикалық сабақтарында перспектива заңдылықтарын оқыту мен оны бейнелеудің әдістемелік мәселелері әлі толық шешіліп болған жоқ. Мұның себебі, «Академиялық сурет», «Академиялық кескіндеме» сабақтарында перспектива заңдылықтарын оқыту мазмұны толық ашылып, оны оқыту мен бейнелеуге үйретудің әдістемелік талдауларын жасауды қажет етеді.

Бейнелеу өнері әдістемесі саласындағы перспективаны оқытуға байланысты олқылықтарды жою мақсатында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде біз перспектива мен оны бейнелеу ережелерінің ішінен қазақ бейнелеу өнері шығармаларын талдау арқыты түсіндіруге қажеттілерін алдық. Төменде перспектива мен оны бейнелеу ережелері туралы оқу процесіне берілетін мәліметтердің толық мазмұнын ұсынамыз. Перспектива заңдылықтары мен оны бейнелеу туралы білім негіздерін мамандықтың барлық пәндерінің сабақтарында меңгертуге болатындығын тәжірибе жұмыстары көрсетті.

Перспектива құбылысы табиғатта біздің көзімізге қалай көрінсе, қағаз бетінде де соған сәйкес бейнеленеді. Біз кәсіпқой суретшілердің картиналарын көру барысында кеңістіктің терендігін айқын сезінеміз. Мысалы, кейбір заттар бізге жақын, ал кейбірі алыс болып көрінеді. Суретші арнайы салу тәсілдері арқылы жазықтық бетіне белгілі жазықтықты, кеңістікті иллюзиялық түрде көрсетеді. Перспектива көрінетін нүктелердің өлшемдерінің бізден ұзактаған сайын қысқарып, түстердің өзгеріп көріну құбылысы. Перспектива заңдылықтарын білу арқылы картинадағы көріністің терендігін айқын бейнелеуге болады. Перспективаның түрлері: сызықтық перспектива, ауа және жарық пен көлеңке перспективасы болып бірнеше түрге бөлінеді.

Сызықтық перспектива – көрушіден алыстаған сайын заттардың бөлшектерінің және сызықтардың ара қашықтықтарының кішірейіп көріну құбылысы. Сызықтық перспектива фронтальдық және бұрыштық болып екіге бөлінеді. Фронталь перспектива бойынша суретшіге заттың бір жақ беті толық көрінеді де, қалған беттері көрінбейді. Мысалы, заттың тура алдынан қарағандағы көрінісі. Бұрыштық перспектива бойынша көрушіге заттың бір бұрышы менен екі немесе үш қабырғасы айқын көрінеді. Сызықтық перспективаның заңдылықтары туралы оқытушының студенттерге меңгертетін негізгі түсініктері мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Белгілі бір бұрышпен горизонт сызығына қарай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады.

2. Параллель сызықтардың қосылу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады.

3. Көкжиек сызығына жақындаған сайын параллель сызықтардың арақашықтығы бір-біріне жақындай түседі. Мысалы, темір жолдың рельстері мен шпалдарының көрінісі.

4. Көрушіден алыстаған сайын вертикаль бағыттағы сызықтардың арақашықтық өлшемдері кішірейе түседі.

5. Көкжиек сызығы дегеніміз – біздің көз деңгейімізді білдіретін сызық.

Ауа перспективасы – кеңістіктегі заттар түстерінің көрушіден алыстаған сайын бұлыңғыр немесе солғын болып өзгеру құбылысы. Жарық пен көлеңкенің перспективасы заттардың жарық көзінен ұзақтаған сайын заттардың беттеріндегі жарық деңгейлерінің көмескі тартып өзгеру сипаты, көлеңкелердің солғын тарту көрінісі. Бейнелеу өнерін оқыту үрдісінде оқушыларды перспективаның заңдылықтарымен таныстырып, оны мұғалім көрнекі құралдардың көмегімен көрсетіп отырады. Көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтар, төменнен жоғары қарай бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар жоғарыдан төмен қарай бағытталады. Мысалы, қала көшесіндегі қатар орналасқан көп қабатты үйлердің жоғарғы және төменгі контур сызықтарының жиынтығы.

Ауа перспективасының заңдылықтары туралы студенттерге меңгертетін түсініктері мыналар:

1. Көрушіге жақын орналасқан заттардың түстері ашық, айқын, ал алыстағылардың түстері солғын және жиынтық түстер түрінде қабылданады.

2. Суретшіге жақын орналасқан заттар түрі айқын, ал алыстағылар бұлыңғыр, көмескі болып қабылданады.

3. Жақындағы барлық заттардың түстері қандай болса сол күйінде қабылданса, алыстағы әр түрлі түстердің ішіндегі біреуі басым болып көрініп, қалғандары соған жақындау түстерге айналады.

4. Қашықта тұрған жарық заттардың түстері өз түсінен қараңғылау, ал алыстағы қараңғы түстер жақындағы қараңғы түстерге қарағанда жарықтау болып көрінеді,

Жарық пен көлеңке перспективасының; заңдылықтарына кіретін мына қағидалар студенттердің кеңістік түсініктерін арттыруға ықпал етіп, оларды дұрыс бейнелеуге жәрдемдеседі.

1. Жарық көзінен қашықта тұрған заттардың бетіндегі жарық деңгейі, жарық көзінен алыс тұрған заттардың бетіндегі жарыққа қарағанда солғындау болады.

2. Жарық көзі мен бақылаушы арасындағы заттар басқа заттарға қарағанда өз түсінен қараңғы болып өзгереді.

3. Егер бақылаушы заттар мен жарық көзінің ортасында болса заттардың бетіндегі жарық деңгейі өз түсінен де жарығырақ болып өзгереді.

Бейнелеу өнерін оқыту процесінде мұғалім перспектива заңдылықтарын үйретумен қатар, перспективаның бейнелеу негіздері туралы мынадай мәліметтер беруі қажет:

Перспективаны бейнелеу негіздері картина жазықтығы, көкжиек сызығы, көру нүктесі, шығу нүктесі, көру деңгейі және т.б. түсініктердің жиынтығынан құралады. Картина жазықтығы-деп бейнеленетін зат пен суретшінің көзі арасындағы ойша алынған вертикаль бағыттағы жазықтықты айтамыз. Көкжиек сызығы - суретшінің көз деңгейін білдіретін өлшем. Көру нүктесі - сурет салушының затты бақылайтын нүктесі немесе орны. Шығу нүктесі - өзара параллель түзулердің алыстаған сайын бір-біріне жақындап, көкжиек сызығына барып қосылатын нүктесі. Көру деңгейі - суретшінің көз деңгейін білдіретін, ойша алынған жазықтық.

Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарында үнемі студенттерге перспективаны бейнелеудің ережелерін көрсетіп бағыт беріп отырады. Сондықтан сызықтық, ауа, жарық пен көлеңке перспективаларының бейнелеу ережелерін оқушыларға көрсету, олардың кеңістікті бейнелеуге үйретудің ұтымды жолы.

Сызықтық перспективаның бейнелеу ережелері мыналар:

1. Суретшіден алыста тұрған заттардың өлшемдері кіші болып бейнеленеді. 2. Табиғаттағы көкжиек сызығына параллель барлық сызықтар формат бетінде де көкжиек сызығына параллель етіп бейнеленеді. 3. Табиғаттағы вертикаль жағдайда орналасқан параллель сызықтар қағаз бетінде де вертикаль жағдайда бейнеленеді. 4. Белгілі бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель сызықтарды көкжиек сызығындағы бір нүктеге қосылатындай етіп бейнелеу қажет. 5. Конус, цилиндр формасындағы заттардың бойындағы шеңберлер перспектива заңдылығына сәйкес оваль түрінде бейнеленеді.

Ауа перспективасының бейнелеу ережелері мыналарды қамтиды: 1. Суреттегі кеңістікті білдіру үшін жақында тұрған заттардың бейнесін анық етіп, ал алыстағыларын солғын етіп бояу қажет. 2. Жақындағы заттардың формаларындағы сыртқы сызықтарын айқын, ал алыстағыларын бұлыңғыр етіп бейнелейді. 3. Алыстағы тұрған жарық түсті заттарды бейнелегенде сол заттың өз түсінен сәл қараңғылау етіп, ал қараңғы заттардың түсін сәл жарықтау етіп бейнелеу қажет. 4. Жақындағы заттарды көлемді форма етіп бейнелесек, өте ұзақтағы заттар тегіс жазықтық етіп бейнеленеді. 5. Жақындағы заттар айқын түстермен, ал алыстағылар солғын бұлыңғыр түстермен жазылады.

Жарық пен көлеңке перспективасын бернелеу кезінде мына ережелерді ескеру қажет: 1. Жарық көзінен алыста тұрған заттарға қарағанда, жақында тұрған зат бетінің жарығының деңгейін артық етіп бейнелеу керек. 2. Суретшіден алыстағы заттардың бетіндегі жарықтардың қарама-қарсылығы (контраст) жақындағы зат бетінің деңгейіне қарағанда әлсіз етіп бейнеленеді. 3. Заттардың алыстағы көлеңкесіне қарағанда жақындағы көлеңкесі айқын анық

салынады.

Перспектива заңдылықтарымен оның бейнелеу ережелерін студенттерге таныстыру – заттардың түрі туралы түсініктер берумен өте тығыз байланыста шешіледі. Заттардың формасы туралы түсініктер беруге арналған мұғалімнің әңгімесі мына бағыттарды қамтиды. Кеңістіктегі қандай зат болмасын оның белгілі формасы болады. Әрбір зат өзінің форма ерекшеліктеріне байланысты көлемді немесе жазықтық сияқты болып келеді. Көлемді, дене қатарына (биіктігі, ені, тереңдігі немесе қалыңдығы бар) үш өлшемді заттар кіреді. Бұл үш өлшем зат көлемінің сипатын білдіреді. Зат көлемі жәшік, чемодан, стол, битон, кастрюль сияқты заттарда айқын білінеді. Ал кейбір (бір бет қағаз, жалауша, оқушы дәптері, сызғыш, ағаш жапырағы т.б.) заттардың көлемі айқын байқала бермейді. Мұндай формаларды жазықтық формалары – деп атаймыз. Жазық заттардың түрлері төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер сияқты геометриялық (денелерге) ұқсастықтарына байланысты анықталады. Көптеген заттардың формалары симметриялық болып келеді. Симметриялық формаларды ойша ортасынан екіге бөлсек екі бірдей ұқсас формалар шығады. Заттардың формалары жасанды және табиғи болып бөлінеді. Жасанды формалар дегеніміз – адам қолымен жасалған заттар. Табиғи формалар қатарына – өсімдіктер, жан-жануарлар, тау, тас, т.б. табиғи заттар кіреді.

Перспектива заңдылықтарын оқыту мен бейнелеу ережелерін үйрету бейнелеу өнері әдістемесі саласындағы күрделі мәселенің бірі. Перспектива туралы түсініктер беру мен оқыту процесіндегі барлық пәндерді 1-6 сыныптарды қамтиды. Перспективаны меңгеру бейнелеу өнерінің бір ғана сабағында емес, нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу, сәндік сурет салу, бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарымен қатар сыныптан тыс сабақтарда, табиғат аясына экскурсия жасау барысында жүзеге асады. Сонымен қатар студенттерге перспектива туралы түсініктер берудің бір жолы көрмелерге апарып, профессионал суретшілердің шығармаларының перспективалық құрылысын талдап түсіндіру. Перспектива заңдылықтарын және оны бейнелеу ережелерін оқушыларға үйрету барысында көрнекі құралдар маңызды рөл атқарады. Перспективаға байланысты жасалған көрнекі құралдары сабақта қолдануымен қатар, бейнелеу өнері кабинетінің қабырғасына іліп орнату қажет. Мұның себебі оқушы қандай сыныпта болмасын бейнелеген заттарының перспективасын көрсетіп бейнелеуі қажет. Бұл көрнекіліктер студенттердің бейнелеуіне бағыт берумен қатар перспектива құбылысы туралы образдық ойлау қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Заттардың перспективалық көрінісін бейнелеу жүйесінде жаттығулардың маңызы үлкен. Жаттығулардың алғашқы кезеңінде қарапайым геометриялық денелерді салудан бастап, бірнеше заттардың суретін салуға дейін жалғасады. Тақырып бойынша сурет салу сабақтарында оқушылар кеңістіктегі бірнеше заттардың, жануарлар мен адамдардың көрінісін бейнелейді. Сабақ барысында мұғалім студенттердің ісіне сызықтық, ауа, жарық пен көлеңке перспективаларын бейнелеу ережелерін қайталап түсіндіріп отырады.

Перспектива заңдарын оқыту мен оны бейнелеуді үйрету әдістемесін анықтауға арналған эксперимент сабақтарында көрсетілген жүйенің ұтымды жақтары анықталады. Атап айтқанда: оқушылар кеңістіктегі заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру, кеңістіктегі заттардың өлшемдерінің алыс және жақын болуына байланысты өзгеру және түстердің қашықтыққа байланысты құбылысын дұрыс қабылдауға үйренеді. Кеңістіктегі формаларды бейнелеу дағдыларын меңгереді. Өнер шығармаларындағы кеңістіктің бейнеленуіне талдау жасаудың негіздерін үйренеді. Перспективаның білім негіздерін үйрену мен оны бейнелеу ережелерін меңгеру нәтижесінде студенттердің кеңістік туралы ойлау қабілеті дамиды. Оқушылардың кеңістік туралы ойлау қабілетінің дамуы жалпы білім беретін мектептердегі басқа да пәндердің білім негіздерін меңгеруге игі ықпал ететіндігінен көрінеді.

Бейнелеу өнерінің жалпы білім беру пәні ретіндегі маңыздылығын атақты педагог Д.Н.Кардовский айқындаған. Олар дүниені қоршаған табиғатты дұрыс тану арқылы дұрыс ойлау мүмкіндігі сурет салу барысында туындайтындығын көрсеткен.(180)

Бейнелеу өнеріне оқыту ережелері мен талаптары, заңдылықтарының пайда болуына, балалардың өзіндік психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік нұсқаулар жасауда, Н.Н.Ростовцев, В.С.Кузин сынды педагогтар көп еңбек етті. Олардың еңбектері бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің дамуында, бейнелеу өнерін оқытудың маңыздылығын көтеруде үлкен серпін жасады. Олар оқушылардан шынайы суреттің мәнін түсінетін, табиғат пен өнерге деген сүйіспеншілігі мол, ғылыми білімге күштар тұлға қалыптастыру идеясын көздеп, көркемдік білім берудің қажеттілігін көрсетті.(181,182)

Педагог ғалымдар Ж.Балкенов, Ә.Қамақов, Б.Әлмұханбетов, К.Ералин, Ұ.Ибрагимов, Қ.Болатбаевтар оқушыларға бейнелеу өнері сабақтарында көркемдік білім берудің бірқатар әдіс-тәсілдерін зерттеді(183, 184, 185, 186, 187, 188). Оқулық пен оқу құралдарын дайындады. Бірақ осы кезге дейін болашақ мұғалімдерге көркемдік білім берудің бір саласы болып табылатын жарықтану ілімін оқушыларға таныстыру жарықтану ілімін оқушыларға таныстыру жарықтану іліміне сәйкес, бейнелеу дағдыларымен іскерліктерді қалыптастырудың педагогикалық әдістемелік мәселелері шешімін таппай келе жатқандығын айту қажет. Бұл мәселе жарықтану заңдылықтарын оқыту қажеттігі мен оны оқытудың мазмұны, формасы және әдістерінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтардан байқалады. Мәселені тиянақты шешудің алғашқы сатысы–жарықтану ілімі туралы ұғымдарды жинап оны белгілі жүйеге келтіруді қажет етеді.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін қазақ бейнелеу өнері арқылы оқушыларға көркемдік білім берудің педагогикалық қызметіне дайындайтын пәннің бірі «академиялық сурет» «академиялық кескіндеме» пәндері болып табылады. Болашақ мұғалімдерге «академиялық сурет» пәні бойынша көркемдік білім берудің мазмұнын құрайтын ұғымдардың бірі – жарық пен көлеңке. Бейнелеу өнеріндегі жарық пен көлеңке ұғымы бейнелеудің ерекше

мүмкіндіктерінің бірі. Табиғаттағы қандай да затты болмасын жарық пен көлеңкесіз қабылдау мүмкін емес. Жарық пен көлеңкенің бір ерекшелігі олардың бірінсіз бірінің болмауы. Яғни зат бетіне жарық түспесе көлеңке де болмайды. Заттық бетіне жарық түспесе көлеңке де болмайды. Заттың бетіне жарық сәулелері түсуінің нәтижесінде, заттың беті жарықтанады. Егер заттың жарық түсіп тұрған беті біртегіс жазықтық түрінде болса, онда ол жазықтық біртегіс жарықтану сипатында болады ал, егер ол жазықтық беті дөңес болса, оның әр жеріндегі жарықтану деңгейі әр түрлі болады. Яғни жарық тіке түсіп тұрған жер өз реңінен де жарық тау болып көрінеді де, онан алыстағы өз реңінен қараңғылау болып, қараңғылық деңгейі қоюланып, олардың дәрежесі артып отырады. Сөйтіп бұл жарық беттің өзін, ең жарық беттің өзін, ең жарық жер, жартылай жарық жер, жылтыр дақ деген жарықтану деңгейлеріне бөлінеді. Егер заттың дөңес бетіне жарық түскен кезде міндетті түрде осы деңгейлер өлшемдері пайда болады. Бұл заңды құбылыс. Мұндай құбылысты шар формалы заттардың бетінен анық байқауға болады.

Көлемді заттардың жарық түскен бетіне қарсы беттеріне көлеңке түседі. Бұл көлеңкелердің деңгейлері «көлеңке», «жартылай көлеңке», «өзіндік көлеңке», «рефлекс» және «түсіп тұрған көлеңке» деңгейлеріне бөлінеді. Қандай зат болмасын жарық түскеннен кейін заңды түрде осы айтылған көлеңке деңгейлері пайда болады. Мұндай көлеңке деңгейлерінің болуы заңды құбылыс.

Бейнелеу өнерінің оқулықтары мен өнертанымдық әдістемелік әдебиеттерді сараптау болашақ мұғалімдерге жарық пен көлеңке құбылыстары заңдылықтарды білдіретін түсініктер белгілі жүйеге келмегендігін оларға нақты анықтама берілмегендігін көрсетті. Соған сәйкес осы аталған сөздерді белгілі жарықпен көлеңке заңдылықтарын айқындайтын термин ретінде алып оларға түсіндірме беруді қажет етеді.

«Жарық» дегеніміз – заттың жақын түсіп тұрған бөлігіндегі, жарықтың көзіне жақын орналасқан бөлігіндегі, жарықтанудың жоғары деңгейінің көрсеткіші. «Жартылай жарық» – заттың жарық түсіп тұрған бөлігіндегі «жарық» пен «жартылай көлеңке» деңгейлерінің арасындағы жарықтанудың деңгейі. «Жартылай көлеңке» ретінде – заттың жарық түсіп тұрған бөлігіндегі жартылай жарық деңгейі мен көлеңке деңгейінің арасындағы көлеңке деңгейінен жарықтау, жартылай жарық деңгейінен қараңғылау болып көрінетін жарықтану деңгейінің өлшем бірлігі танылады. «Көлеңке» – заттың жарық түсіп тұрған бетіне қарсы бетінде, жарықтың түсу нәтижесінде пайда болған реңдік қатынастардың деңгейлерін білдіретін қараңғылықтардың дәрежелерінен құралады. «Рефлекс» – заттың жарық түсіп тұрған бетіне қарсы орналасқан жазықтыққа түскен күн сәулелерінің көлеңке беттегі жазықтық бетіне шағылысып түсуі нәтижесіндегі өз реңінен жарықтау болып көріну құбылысы. Рефлекс әр уақытта затты жарық бетіндегі жартылай жарықтан қараңғы, жартылай көлеңкеден қараңғы болып өзгереді. Бірақ ол түсіп тұрған көлеңкеден жарық болуы мүмкін. «Түсіп тұрған көлеңке» дегеніміз – заттың

көлеңке бетіндегі, заттың өзі тұрған жазықтықтың бетіне түскен заттың өзіндік көлеңкесі болып табылады. Жарық пен көлеңке заңдылықтарын кейде «жарықтану заңдылықтары» деп атайды. Бұл атау шын мәнінде жарық пен көлеңкенің табиғи сипатын айқындауға жәрдемдеседі. Себебі жарық пен көлеңке қатар жүреді. Жарық түспесе көлеңке болмайды. Жарық пен көлеңкенің мүмкіндігі арқылы біз заттың формасын кеңістіктегі орнын, уақытын айқындаймыз. Жарық пен көлеңке де сол заттың көрушіден алыс жақын болуына байланысты өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан да жарық пен көлеңке заңдылықтарын «жарықтану заңдылықтары» деп атау орынды. Жарықтану ұғымы жарық пен көлеңкенің бірлігі мен тұтастығын білдіреді. Жарықтану ілімі жарықтың қасиеттерін тану бағытындағы ілім. Жарық түспесе көлеңке болмайтыны ақиқат. Көлеңке пайда болса ол тек қана жарықтың түсуінің нәтижесінде пайда болады. Жарықтану ілімі – перспектива, тұстану, композиция ілімдерімен тығыз байланысты. Табиғаттағы перспектива құбылыстарына сәйкес жарық деңгейлері өзгеріп отырады. Жақындағы жарық пен көлеңке деңгейлері айқын көрінсе, оның алыстағы деңгейлері солғын дәрежеде болады. Табиғаттағы түстер мен жарық-көлеңке деңгейлері де тығыз байланысты. Заттың бетіне жарық түскеннен кейін, заттың табиғи түсі жарық бетіндегісі ашықтау болып өзгерсе, көлеңке бетіндегі түсі өз түсінен қараңғы рендерге қарай ауысып өзгереді.

Жарықтану туралы жазылған әдебиеттер мен өнертанымдық педагогикалық, әдістемелік және ғылыми зерттеу еңбектерін сараптау бізге көркемдік білім беру саласында болашақ мұғалімдерге жарықтану заңдылықтарын оқыту туралы мынандай ұсыныстар жасауға мүмкіндік туғызады:

- жарықтану туралы білім сурет, кескіндеме, композиция, мүсін сабақтарында тереңдетіп беріліп, ол зат көрінісін бейнелеу кезінде жалғастырылып, оны бейнелеу ептейліктерін, дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы практикалық жаттығулар жасау барасында жалғастырылады;

- жарықтану ілімінің негізгі мазмұнын жарық, көлеңке, жартылай жарық, жалтыр дақ, жартылай көлеңке, түсіп тұрған көлеңке, рефлекс түсініктері білдіреді. Бұлар сонымен қатар, жарықтану білімдерінен құралған көркемдік көркемдік білім беру мазмұны ретінде қарастырылады;

- жарықтану ілімін болашақ мұғалімдерге меңгерудің екінші бағыты, заттар мен құбылыстарды бейнелеу барысында жарықтану заңдылықтарын сақтай отырып, бейнелеудің ептейліктері мен дағдыларын меңгерудің педагогикалық іс-әрекеттерін қамтиды;

- жарықтану ілімін болашақ мұғалімдерге меңгерту мен оны бейнелеу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру ісі нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу, сәндік сурет салу, мүсіндеу сабақтарында кешендік түрде жүргізіледі.

Жарықтану заңдылықтарын болашақ мұғалімдерге оқыту мен оны бейнелеуге үйрету әдістерін іздестіру мақсатындағы теориялық әдістемелік